

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

7.2: Қоғамның өмір сүру сапасы мен елдің ұлттық қауіпсіздігінің серпінді өсуін қамтамасыз ету жағдайында мемлекеттік аудиттің ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілері

7.2: Организационно-методологические аспекты государственного аудита в контексте обеспечения динамичного роста качества жизненных условий общества и национальной безопасности страны

7.3: Organizational and methodological aspects of state audit in the context of ensuring dynamic growth in the quality of living conditions of society and the national security of the country

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АКТИВТЕРІНІҢ АУДИТІ

Әбдірахман Айша Ақылбайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Есеп және талдау мамандығы, 4 курс

E-mail: Aisha.abdirakhman@mail.ru

Ғылыми жетекші: Бекболсынова А.С.

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі. Мақсаты таза табыс табу болып табылатын бұл ұйымның жалғыз акционері «Самұрық – Қазына» ұлттық – әл – ауқат қоры».

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – мемлекеттік темір жол жүйесін пайдалануды жүк тасымалы қызметін көрсету, оның инфрақұрылымын жөндеу мен ұстау және магистральды теміржол желісі қызметін көрсетудің ірі операторы, болып табылады. Сондықтан ұйымның өз қызметін дұрыс атқаруына активтердің айналымы оң нәтиже беру керек [1].


Активтер – бұл кірісті құруға қатысатын мүлік, дебиторлық берешек және басқа объектілер: мысалы, шоттар мен кассадағы ақша, жабдық, көлік, жылжымайтын мүлік, дебиторлық берешек, тауарлық-материалдық құндылықтар, шикізат, лицензиялар, сауда белгілері, банктердегі депозиттер, басқа компаниялардың акциялары мен облигациялары.

Айналым мерзіміне байланысты активтер бөлінеді:

- қысқа мерзімді - дайын өнім, тауарлар, материалдар, ақша қаражаты;
- ұзақ мерзімді - негізгі құралдар, материалдық емес активтер және т. б.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2019 жылы активтер сомасының жалпы жиыны 3 198 150 млн. теңге, 2020 жылы 3 311 340 млн. теңге және 2021 жылы 3 422 448 теңге болған. 2019 жыл мен 2020 жылдарда активтер сомасы 113 190 млн. теңгеге өсіп, 3,54%-ға жоғарылаған. 2021 жылы алдыңғы жылға қарағанда 3,36% -ға өскен немесе 111 108 млн. теңгеге көбейген. Бұл көрсеткіштің жыл сайын өсуі активтердің үнемі жаңарып, қызметінің кеңеюінің белгісі (Сурет 1) [2].

Қызметтегі бірден-бір маңызды көрсеткіштер – ұзақ мерзімді активтер. Активтер құрамындағы ұзақ мерзімді активтердің жалпы сомасы 2019 жылы 3 057 440 млн. теңгені құраса, 2020 жылы 3 113 746 млн. теңге. Жылдар арасындағы айырма 56 306 млн. теңге немесе 1,84%. 2021 жылы бұл көрсеткіштер көлемі 2020 жылға қарағанда 6 904 млн. теңгеге бағаланған.



Сурет 1. Активтер динамикасы (млн. теңге)
Ескерту – Авторлармен құрастырылған [2],[3],[4].

Материалдық емес активтер 2019 жылға қарағанда 2020 жылы 704 млн. теңгеге, негізгі құралдар 23 859 млн. теңгеге, қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар 561 млн. теңгеге кемісе, еншілес ұйымдарға инвестициялар 30 983 млн. теңгеге, берілген несиелер 36 456 млн. теңгеге, басқа ұзақ мерзімді активтер 13 991 млн. теңгеге өскен. 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда негізгі құралдар 1 752 999 млн. теңгеден 1 802 352 млн. теңгеге, материалдық емес активтер 5 136 млн. теңгеден 12 552 млн. теңгеге, еншілес ұйымдарға инвестициялар 466 985 млн. теңгеден 485 088 млн. теңгеге және басқа да ұзақ мерзімді активтер 27 328 млн. теңгеден 33 121 млн. теңгеге өскен. Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестицияларда өзгеріс орын алмаса, берілген несиелер 8,60%- ға кеміген (1 кесте).

1-кесте. Ұзақ мерзімді активтер өзгерісі (млн. теңге)

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Ауытқу		Өсіңкілік %	
				20-19	21-20	19/20	20/21
Негізгі құралдар	1 776 858	1 752 999	1 802 352	-23 859	49 353	-1,34	2,82
Материалдық емес активтер	5 840	5 136	12 552	-704	7 416	-12,05	144,39
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	436 002	466 985	485 088	30 983	18 103	7,11	3,88
Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	3 823	3 262	3 262	-561	0	-14,67	0,00
Берілген несиелер	821 579	858 035	784 274	36 456	-73 761	4,44	-8,60

Басқа да ұзақ мерзімді активтер	13 338	27 329	33 122	13 991	5 793	104,90	21,20
Жиыны	3 057 440	3 113 746	3 120 650	56 306	6 904	1,84	0,22
Ескертпе. Кесте мәлеметтері әдебиеттер негізінде құрастырылған [2],[3],[4].							

Негізгі құралдардың жалпы жиыны 2021 жылы 1 802 352 млн. теңгеге, 2020 жылы 1 752 999 млн. теңгеге тең болған. Аталған жылдар айырмашылығы 49 353 млн. теңге сомасына теңесіп, 2,82% өскен. 2020 жылы 2019 жылға қарағанда негізгі құралдар 23 859 млн. теңге немесе 1,34% аз болған.

Негізгі құралдар құрамындағы темір жолының инфрақұрылымы 2019-2021 жылдар аралығында 72 388 млн. теңгеге өскен. Оның өсуі инфрақұрылым жүйелерін жақсарту мақсатында жоспар бойынша жыл сайын темір жол рельстерін ауыстырған. Ғимараттар мен құрылыстардың өсуі 2019 жылы 129 млн. теңгеге жаңа ғимарат сатып алған, 35 млн. теңгеге жалдау бойынша түсімдер көбейген, алайда 5 001 млн. теңгеге тозу бойынша шығыстар есептеліп 195 906 млн. теңге ғимараттар мен құрылыстардың көлемін құраған. 2020 жылы 18 160 млн. теңгеге аударулар болып, бұл сома 201 164 млн. теңгеге көбейген. 2021 жылы 231 487 млн. теңгеге ғимараттар мен құрылыстар бағаланғанымен тозу мен құнсыздану 43 202 млн. теңгеге тең болып, 188 284 млн. теңгеге ғимараттар мен құрылыстар азайды.

Аяқталмаған құрылыс 2020 жылы 2019 жылмен салыстарғанда 56 657 млн. теңгеге азайған, вокзалдардағы құрылыс кешені аяқталып қолданысқа берілуінен осы жылдардағы аяқталмаған құрылыс көлемі азайған. 2021 жылы 28 236 млн. теңгеге аяқталмаған құрылыс қатарында өсім орын алған. «19 жол айрығы – Достық» теміржол желілерін салу жобасы бойынша және «Құрық» портында сал кешенін салудың одан әрі жалғасуы себеп болып тұр.

Активтердің қолдануға қолжетімді болған жағдайдан бастап оның тозуы есептеле бастайды.

Негізгі құралдардың және материалдық емес активтерінің тозуы активтердің пайдалы қызмет етуі мерзімі ішінде сызықтық әдісі негізінде есептеледі. Компания өзінің активтерінің, соның ішінде жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың ірі объектілерінде пайдалы қызмет мерзімдерін көрсетеді. Активтердің пайдалы қызмет етуі мерзімі мен тарату құнын бағалау, күтіп отырған пайдалануға, жөндеу және қолдау жөніндегі бағадарламарға, қызмет көлеміне, технологияларды жетілдіруге және қызметтің өзге де шарттарына тәуелді болады. Ұйымның 2019 жылғы тозу жөніндегі шығыстары 9 380 млн. теңгені, 2020 жылы 10 872 млн. теңгені, 2021 жылы 11 075 млн. теңгені құрады [2],[3],[4].

Компанияның пайдаланатын активтерінің бағаланған қызмет көрсету мерзімі:

- Ғимараттар мен құрылыстар – 100-140 жыл;
- Теміржол жолдарының инфрақұрылымы – 5-100 жыл;
- Машиналар мен жабдықтар – 3-35 жыл;
- Көлік құралдары – 4-40 жыл;
- Басқасы – 2-50 жыл;
- Материалдық емес активтер – 1-10 жыл [3].


Ұйым 2019 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ, «КТZ Express» АҚ, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ, «Ремлокомотив» АҚ, «Теміржолсу» АҚ, «Порт-Құрық» ЖШС, «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» АҚ-тарына 100% иелік жасаса, «Транстелеком» АҚ 51% , Ресей Федерациясында орналасқан

«КТЖ Финанс» ЖШҚ иелену үлесі 62,16% құрап, еншілес ұйымдарға инвестициялар 436 001 млн. теңге сомасында баланстық құн теңелген.

Компанияның «Транстелеком» АҚ 2018 жылы 26% азайту 1 акцияны сату туралы жасалған келісім шарты 2020 жылы аяқталды. Бұл акцияны 9 450 млн. теңгеге бағалап, қалған 25% акцияны қауымдастырылған ұйымға инвестиция ретінде таныды. 2020 жылдың мамыр айында Компания Logistic System Management B.V. бірлескен кәсіпорынының 50% акциясын сатып алу жөніндегі келімді аяқтап, 30 668 млн. теңге сомасында қаражат аударып, осы компанияға және «Кедентранссервис» АҚ 100% иелік етті. «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншілес ұйымы Компаниядан алған 15 410 млн. теңге сомасында несиені мерзімінен бұрын өтеді. 2020 жылығы баланстық құн 466 985 млн. теңгені құрады.

2021 жылы еншілес ұйымдарға инвестициялар 485 088 млн. теңге. Logistic System Management B.V. компаниясы таратылды. Есептеулер негізінің өзгеруіне байланысты Компания еншілес ұйымдардан сатып алған 2 332 млн. теңге көлемінде облигацияларды инвестицияның ұлғаюына жатқызды. Ұзақ мерзімді активтер құрамында еншілес ұйымдардағы инвестициялар 2019-2020 жылдары 7,11%, 2020-2021 жылдары 3,88% иеленді [2],[3],[4].

Сурет 2 . Қысқа мерзімді активтердің ауытқу көрсеткіші (мың теңге)
Ескерту – Авторлармен құрастырылған [2],[3],[4].



Қысқа мерзімді активтер 2019 жылы 140 709 млн. теңге сомасынан 2020 жылы 197 594 млн. теңге сомасына көбейген. Өсудің бұл көрсеткішіне 2020 жылы ақша қаражаттары мен оның баламаларының 61,30%, берілген несиелердің 108,12%, сауда дебиторлық берешектің 78,30%, тауар-материалдық қорлардың 8,67% өсуі себеп болып тұр. 2021 жылы берілген несиелердің 397,04% және өтелетін ҚҚС сомасының 203,59% айқын жоғарылауы әсерінен қысқа мерзімді активтер жиыны өскен (Сурет 2).

Ағымдағы активтер құрамына кіргізілетін ақша қаражаттары мен оның баламалары 2019 жылы 60 384 млн. теңгені құрап 2020 жылы 37 016 млн. теңгеге өсім жасау арқылы 97 400 млн. теңгені құраған. 2020 жылы Қысқа мерзімді банктік салымдар 7 166 млн-нан 81 387 млн-ға көбейген. Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша теңгеммен алдыңғы жылға қарағанда 4 571 млн-ға яғни 12 420 млн. теңгеге артқан. Теңгеге шаққанда Ресей рублінде 309 млн-ға артқан, ал еуроға ақша 2020 жылы 3 037 млн. салым жасалған. АҚШ долларындағы ақша қаражаты көлемі 335 мың теңгеге дейін азайған. Басқа да валюталарда 168 млн. теңгеде банктерде ағымдағы шоттарда көрсетілген.

2021 жылы ақша қаражаттары мен оның баламалары 110 549 млн. теңгеге дейін өскен. Қысқа мерзімді банктік салымдар 101 601 млн-ға көбеюі тікелей жылдық ақша қаражатының өсуіне

әсерін білдір тұр. 2019 жылы ағымдағы шоттардағы ақша қаражатының орташа безбенделген пайыз мөлшерлемесі теңгеде 0,46%-ды, 2020 жылы 8,48%-ды, 2021 жылы 9,19%-ды құрады.

2020 жылы ұйымның тауар-материалдық қорлары 1 251 млн-ға өсіп, шикізат пен материалдар, отын жіне жанар-жағармай материалдарын жіне басқа да құны 15 696 млн. болатын қорларды кірістеді. 8 млн. теңге сомасында қорлар бойынша резерв құрылды. 2021 жылы жолдың үстіңгі құрылыс материалдары 3 237 млн-ға бағаланып, осы жылғы Тауар-материалдық қорлар 18 710 млн-ға тең болды [2,3,4].

Қорытындылай келе, Компанияның негізгі құралдары, материалдық емес активтері және еншілес ұйымдарға инвестициялары 2019 жылы жиынтық активтерінің 56% құрайды. 2020-2021 жылдары 67% құраған. Жылдар аралығында Компанияның ұзақ мерзімді активтері 1,84 % және 0,22% өсім жасаған.

Ағымдағы активтер 40,43 % және 1632,06 % елеулі өсім болған. Берілген несиелер мен өтелетін ҚҚС сомасының артуы тікелей әсерін тигізіп тұр. 2019 жылғы жағдай бойынша жеті үшінші тарапты дебиторларға Компанияның сауда дебиторлық берешегінің 57,65%-ы жатты. 2020 жылы 71,26%, 2021 жылы 2 150 513 млн. теңгеге жеткен. Теңгедегі және валютадағы қысқа мерзімді банктік депозиттер Компанияның ақша қаражатына деген қажеттілігіне байланысты түрлі мерзімге, үш айға және одан аз мерзімге салынады.

Активтердің одан әрі жақсы айналымға түсуі үшін мынадай ұсыныс беремін, «ҚТЖ» ҰК» Акционерлік қоғамдығының сыртқы аудитын 2006 жылдан бастап 16 жыл бойы «Делойт» ЖШС жүргізіп келеді. Тәуелсіздік қағидаты бұзыла отырып, Компанияға сыртқы аудитты жүргізуші ұйымды ауыстыру қажет.

Ұйымдағы тозу құны жыл сайын өсіп жатқандықтан, түгендеу жұмыстарын жиі жүргізіп, ескірген немесе сынған құралдарды жанартып отыру қажет. Сонымен қатар, қызметтің сапалы болуы үшін, автоматтандыру және цифрландыру жұмыстарын енгізуді ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚТЖ АҚ ресми сайты – <https://railways.kz/>
2. ҚТЖ АҚ 2019 жылғы жылдық есеп - [file:///C:/Users/AKA/Downloads/d4bba76b-42f5-457f-8268-a9e393070a08%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/AKA/Downloads/d4bba76b-42f5-457f-8268-a9e393070a08%20(1).pdf)
3. ҚТЖ АҚ 2020 жылғы жылдық есеп – <file:///C:/Users/AKA/Downloads/%D0%96%D0%B5%D0%BA%D0%B5%20%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B6%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%B3%D1%96%202020.pdf>
4. ҚТЖ АҚ 2021 жылы жылдық есеп – [file:///C:/Users/AKA/Downloads/3be7829a-ff64-451f-a8b5-694b5d41d0d8%20\(2\).pdf](file:///C:/Users/AKA/Downloads/3be7829a-ff64-451f-a8b5-694b5d41d0d8%20(2).pdf)
5. Абленов Д.О. Аудит негіздері

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ДЕБИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК АУДИТИ

Ағынбайқызы Перизат

Perok_2002@mail.ru

“Мемлекеттік аудит” ББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

[Ғылыми жетекшісі – Жахметова А.К. аға оқытушы](#)